

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің №18 “Мереке” бөбекжайы
жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Бекітемін:

**№18 «Мереке» бөбекжайы МКҚК-ның
директоры _____Т.Е.Махашева
«____» «_____» 2022ж.**

№18 “Мереке” бөбекжайы МКҚК-ның 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары



2022 жыл

«Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады.»Қ.К.Тоқаев.

**Стратегиялық даму жоспарын құрудағы жұмыс комиссиясы
(30.08.2022 жылдың №42/НҚ бұйрығы)**

Махашева Т.Е. - директор

Ажибаева Ж.А. – әдіскер

Джаламанова Г. Д. - медбике

Кобесова Н.А. –директордың шаруашылық ісі
жөніндегі орынбасары

Айтуова С.А. – педагог-психолог, логопед

Қалабаева Г.Д. - қамқоршылық кеңес төрағасы


№18 “Мереке” бөбекжайы МКҚК-нің 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары

Мақсаты: Жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген біртұтас педагогикалық процесс құру арқылы мектеп жасына дейінгі баланың рухани – адамгершілік және патриоттық дамуына қолайлы жағдай жасау бағыттарында оқу-тәрбие процесін жүргізу.

Міндеттері:

- Күнделікті өмірде адами қасиеттердің элементтерін орынды қолдану барысында бала бойына жан байлығын дарыту;
- Ұйымдастырылған іс- әрекеттерінде және одан тыс кезде де әдіс-тәсілдерді ұтымды қолданып, баланы рухани-адамгершілікке және ұлтжандылыққа тәрбиелеу;
- Баланы рухани- адамгершілікке және ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында, ата- аналарды балабақша өміріне араластыру арқылы ынтымақтастықты нығайту.
- Отанды, ана тілін сүйге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
Балалардың мектепте оқуына сапалы дайындықты қамтамасыз ету.

Стратегиялық даму жоспарының блогтары



"Білім сапасы" блогы

Мақсаты: Балабақшаның білім беру қызметін жетілдіру. МДҰ түлектерінің дайындық деңгейі мен білім сапасының Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайында білім беру процесін жүргізу.

Міндеттері:

- Әрбір баланың сапалы және қолжетімді білім алу құқығын іске асыратын білім беру жүйесін құру.
- Бағдарламалық материалды және меңгеруде қиындықтарға тап болған балалар үшін жеке білім беру бағыттарын енгізу.
- Жаңа мазмұнды іске асыруға және жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін пәндік-дамыту ортасын жаңарту.
- Дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу.
- Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалармен жұмысты жүйелі жүргізу.
- Ерте жастағы балаларды дамыту жұмыстарын жандандыру.
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
- Балалардың мектепте оқуына сапалы дайындықты қамтамасыз ету.

№	Жұмысбағыттары	Іс-шараларжүйесі	Уақыты	Жауаптылар
1.	Қазақстан Республикасының білім беру заңнамалары және балабақшаның даму бағдарламасына сәйкес жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, бекіту.	Мектепке дейінгі білім берудің стандартына және ҚББ үлгісіне сәйкес білім беру бағдарламаларын түзету	жыл сайын қыркүйек	басшы
2.	Оқыту бағдарламаларын жүзеге асырудың жаңа технологиялық әдістерін қолдануды жолға қою	1.Оқу тәрбие жұмыстарында жаңа технологияларды, соның ішінде сыни ойлау технологиясын қолдану 2.Тәрбиеленушілерді	үнемі	әдіскер

		дамытудың жеке бағыттарын құру		
3.	Балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған түрлі әдістерді қолдануды дәстүрге айналдыру.	Рухани-жаңғыру бұрышын материалдармен толықтыру, авторлық бағдарламалар дайындау	үнемі	әдіскер, тәрбиешілер
4.	«Маңғыстау – туған өлкем» тақырыбында жұмыстар өткізе отырып, бала бойында өз еліне, жеріне деген мақтаныш сезімін ояту. Осы тақырыпта стенд жасақтау	Әдістемілік, авторлық жұмыстарға жан-жақты қолдау көрсету, әр жас тобы бойынша сабақ конспектілерінің жинағын әзірлеу, көрме жасақтауды	2022 ж.	әдіскер, тәрбиешілер
5.	Балабақша базасында қалалық және облыстық деңгейдегі оқу семинарлары мен тренингтерді жүйелі түрде ұйымдастыру	Озық тәжірибені жинақтап тарату	жыл бойы	әдіскер, тәрбиешілер директор
6.	Балабақшаны бітіруші түлектің үлгісін жасау	Болашақ мектеп оқушысының тұлғасын қалыптастыру	2022 ж. қаңтар	әдіскер, тәрбиешілер
7.	Балабақшаны мектепке дейінгі гимназия мәртебесіне көтеру шараларын жүзеге асыру.	Бәсекелестікке қабілетті ұлтжанды азаматты тәрбиелеу	2022-2025 ж.ж.	директор
8.	Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қолдау үшін жағдай жасау	Ерекше білім берілуі қажеттіліктері бар балаларда бар бұзушылықтарды	2022ж.	Директор Әдіскер Тәрбиешілер Медбике

		түзету құқығын қамтамасыз етумен, оны жалпы білім беру процессіне және әлеуметтік бейімделуге енгізу		Психолог
10.	Ерте жастағы балалардың балабақшаға әлеуметтік- психологиялық бейімделуін ата-аналар мен тәрбиешілердің келісілген іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыру	Ерте жастағы балалардың дамуы әлеуметтенуі үшін МДҰ-да жағдай жасау	2022 ж.	директор
11.	Балалардың мектепте оқу ынтасын қалыптастыру	Инновациялық технологиялар арқылы жалпы жан-жақты дамыту	2022-2023 ж.ж.	директор
12.	Баланың бала-бақшаға қызығушылығын арттыру	Заман талабына сай ойын алаңын орнату (карусельдер)	2024ж.	директор

Күтілетін нәтиже:

1. Қоғамның жаңа талаптарына сәйкес білім мазмұнын жаңарту
2. Білім сапасын арттыру
3. Инклюзивті білім беруді қажет ететін балалармен жұмыстың жүйелілігі

«Кәсіби құзыреттілік қызметі» блогы

Мақсаты: педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне жағдай жасау және шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтарға қолдау көрсету.

Міндеттері:

- МДҰ қызметкерлерінің кәсіби мәдениетін дамыту үшін құқықтық ұйымдастыру жағдай туғызу;
- Педагогтарға білім мазмұнын және құрылымын жаңартуда көмек көрсету;
- МДҰ-ны білікті мамандармен қамтамасыз ету;
- Жаңа білім және тәрбие технологиясын игеру;
- Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық кадрларды ынталандыру;
- МДҰ педагогтарының қызметін ынталандыру жүйесін құру;
- Педагогтердің біліктілігін жүйеішілік арттыру және педагог кадрлардың үздіксіз білім беруі үшін мекемеде жағдай жасау
- Қазіргі заман талабына сай денсаулық сақтау, жаңа педагогикалық технологияларды, соның ішінде робототехниканы қолдану арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын көтеру.

№	Жұмысбағыттары	Іс-шараларжүйесі	Уақыты	Жауаптылар
1.	МДҰ-да кадрлық әлеуетті арттыру.	Кадрлық әлеуетті арттыру бағдарламасын жасақтау	2022ж.	Жұмыс комиссиясы
2.	Баланың тұтас дамуын қамтамасыз ететін заманауи технологияларды меңгеру арқылы білім беру қызметін жетілдіру	1. Білім беру қызметінде заманауи дамыту технологияларын қолдану. 2. Тәрбиеленушілерді дамытудың жеке бағыттарын құру	2022ж.	басшы
3.	Педагогикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру	Мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік жұмысты желілік ұйымдастыру моделін іске асыруға	үнемі	басшы

	жүйесінде үздік тәрбиешілер жұмысының тиімді инновациялық тәсілін тарату	тәрбиешілердің қатысуы		
4.	Ерекше білім берілуі қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.	Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуі қажеттілігі бар балалардың жеке білім траекториясын жобалау және жүзеге асыру	2022ж.	басшы
5.	МДҰ-да тәлімгерлік арқылы мамандардың кәсіби қалыптасуы	Тәлімгерлердің ашық оқу қызметтерін өткізуі	2023ж.	әдіскер
6.	Заманауи білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, педагогикалық құралдарды меңгеру және оларды үнемі жетілдіру	Робототехника, Монтессори кабинеттерін ашу, сыни ойлау технологиясын қолдану	2022-2025 ж.ж.	әдіскер
7.	Түрлі жобаларға, зерттеу жұмыстарына қатысу. Озық тәжірибені зерделеу, өз педагогикалық тәжірибесін жариялау	БАҚ-қа мақалаларын жариялау, авторлық бағдарлама, көмекші құралдарын жасақтау	2022-2024 ж.ж.	әдіскер
8.	Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау. Қазіргі заман педагогінің моделін жасақтау	Іскерлік киім үлгісін сақтау, мінез-құлық мәдениетінің жоғары болуы. МДҰ-да түрлі қажеттіліктерге ақша жинауға мәжбүрлеуге тиым салу	үнемі	басшы
9.	Педагогтарды кітап бұрышын жасақтауға,	Педагогтар арасында оқыған шығармалары бойынша ай сайын пікір алмасу, сайыстар өткізу («Ең үздің	2022-2024ж.ж.	әдіскер

	кітапқұмарлыққа баулу	оқырман», «Шешен» және т.б. байқаулар)		
--	-----------------------	--	--	--

Күтілетін нәтиже:

- Кәсіптік өсу және кадрлық әлеуетті тиімді пайдалану;
- Педагогикалық қызметкерлердің педагогикалық процесте инновациялық технологияларды пайдалануға және біліктілікті арттыруға дайындығы; сапалы педагогикалық еңбекке уәждемелеу;
- инновациялық педагогикалық технологияларды, авторлық бағдарламаларды іске асыратын, әртүрлі деңгейдегі кәсіптік конкурстарға қатысатын педагог қызметкерлердің санын ұлғайту;
- Педагогтің әлеуметтік мәртебесін арттыру;
- Педагогтың кәсіби деңгейін арттыру;
- Жас мамандар санын көбейту үшін қолайлы жағдай жасау;
- Педагогтің жеке және кәсіби сапаларының оңтайлы үйлесім табуы

Қазіргі заманғы педагог моделі

Тұлғалық әлеует:
Мотивациялық бағыт


Өмірлік сценарий және ондағы
мамандық орны

Тұлғаның сапасы
Ерекшеліктері мен қабілеттері,
сипаты, темпераменті,
"мен"бейнесі.

Педагогтың құзыреттілігі:
Іргелі білімділігі

Теориялық құзыреттілігі
Технологиялық
құзыреттілігі (дамыта
оқыту, сыни ойлау,
дәстүрліәдістер)

Білім беру-тәжірибелік қызметі:
Білім беру бағдарламасын жүзеге
асыру
Қарым-қатынастың жеке-
бағдарлы моделі аясында
балалармен қарым-қатынас жасау
Педагогтарға, ата-аналарға кеңес
беруге қатысу
Жобалық және инновациялық
қызмет
Іздеу және ғылыми-зерттеу
қызметі



**Ең
бастысы—
балаларды
жан-тәнімен**

Педагогтың тұлғалық-кәсіби өсуі:
Өздігінен білім алуға, өзін-өзі
жетілдіруге ұмтылу
Педагогикалық шеберлікті арттыру.
Жаңалықты қабылдауға дайын
болуы
Жеке педагогикалық
тәжірибенітарату
Кәсіби шеберлік байқауларына
қатысу

"Денсаулық сақтау" блогы

Мақсаты: МДҰ-да денсаулық сақтау ортасын жетілдіру.

Міндеттері:

- Балалардың салауатты өмір салты туралы бастауыш түсініктерін қалыптастыру.
- Балабақшадағы балалардың толық физикалық дамуын қамтамасыз ету.
- Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру бойынша тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігін арттыру.
- Ата-аналарды дені сау және дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу бойынша психологиялық-педагогикалық біліммен қаруландыру.

№	Жұмысбағыттары	Іс-шараларжүйесі	Уақыты	Жауаптылар
1.	Балабақшада балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың ата-аналары арасында СӨС насихаттау үшін жағдай жасау	МДҰ тәрбиеленушілерінің денсаулығын сақтау жөніндегі бағдарламаны әзірлеу	2022ж.	басшы
2.	Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту, Денсаулық сақтау тұрғысынан балабақшаның барлық үй-жайларының пәндік-дамыту ортасын жетілдіру	Аумақты, ғимараттарды, үй-жайларды санитарлық ережелер мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келтіру	үнемі	басшы
3.	Балалардың қозғалыс қызметін ұйымдастыру бойынша тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігін арттыру	Балалардың қозғалыс қызметін және сабақтарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік іс –шаралар кешені(семинар-практикумдар, ашық	үнемі	басшы

		сабақтар және т. б.)		
4.	Тәрбиеленушілердің отбасы арасында спортқа және дене тәрбиесіне, СӨС-қа қатысты белсенді ұстанымды насихаттау	1. Бірлескен спорттық іс-шаралар (мерекелер, ойын-сауық, демалыс). 2. Кеңес беру көмегін ұйымдастыру (ата-аналар жиналыстарында, көрнекі ақпарат, түрлі іс-шаралардан фоторепортаждар және т.б.) 3. Балабақша сайтында "Дені сау балалар – дені сау ұлт" бетін құру, осы бетті материалдармен толықтыру.	2022-2024ж.ж.	әдіскер
5.	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау талаптарын орындау	Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау мақсатында чип арқылы ашылатын сыртқы есіктерге домофон орнату	2022ж.	басшы
6.	Таза ауада серуендеу жұмыстарын жолға қою	Мекеме саябағындағы (в парке) өсімдіктер санын көбейту, скамейкалар орнату	2022ж.	басшы
7.	Балғын көкөністер, жеміс-жидектер беру арқылы бала иммунитетін көтеру	Мекемеде жылыжай (теплица) ашу	2023ж.	басшы

8.	Баланың есте сақтау, ойлау, қиялдау қасиеттерін дамыту	Релаксация бөлмесін ашу	2023 ж.	басшы
9.	Қазтабан ауруының бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу	Мекеме ауласында көгалдандырылған арнайы алаңда (живой газон) жалаңаяқ жүру	2022 ж.	басшы
10.	Жүзу арқылы бала денсаулығын нығайту	Бассейн орнату	2023 ж.	басшы

Күтілетін нәтиже:

1. Білім беру процесіне қатысушылардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз жағдай жасау.
2. Дене шынықтыру сабақтарын өткізу үшін, қозғалу дағдыларын дамыту үшін пәндік-дамытушы ортаны жабдықтармен жабдықтау, отбасында өмір сүру салтына тұрақты уәждемені қалыптастыру.
3. Мектепке дейінгі балалардың қозғалу қызметін ұйымдастыруда денсаулық сақтау және практикалық дағдылар мәселелерінде педагогтардың өз кәсіби деңгейін арттыру.

“Серіктестік қарым-қатынас” блогы

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатысушылардың серіктестік қарым-қатынасын орнату, ата-аналарды балабақша өміріне тарту.

Міндеттері:

- Отбасы тәрбиесінің үздік тәжірибесін зерделеу, оны ата-аналар арасында насихаттау, балабақша жұмысында отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін қолдану.
- Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасау.
- Тәрбиешілердің отбасымен ынтымақтастық саласындағы білім, білік және дағды деңгейін арттыру.
- Балабақша қызметіне қатысты ата-аналар позициясының өзгеруі.
- Ата-аналарды МДҰ қызметін ұйымдастыруға, жоспарлауға және бақылауға белсенді қатысуға тарту

№	Жұмысбағыттары	Іс-шараларжүйесі	Уақыты	Жауаптылар
1.	Ата-аналарды балабақша өміріне тартудың түрлі, эмоционалды-қаныққан тәсілдерін дамыту	1.Бірлескен жоспарларды, жобаларды әзірлеу және іске асыру. 2. Отбасымен жұмыстың белсенді түрлерін енгізу (мастер-класстар, дөңгелек үстелдер, семинар-практикумдар, кеңестер) 3.Тәрбиелеудің өзекті мәселелері бойынша жалпы және топтық ата-аналар жиналысын өткізу	2022-2024ж.ж	басшы топ тәрбиешілері

		4. Бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру : мерекелер мен қосымша қызметтер, денсаулық күндері, көрмелер, конкурстар және т. б. 5. Топтарда ата-аналарға арналған ақпараттық стендтерді рәсімдеу және өзекті тақырыптарға ақпараттық материалдарды білім беру мекемесінің сайтына енгізу		
2.	Отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін көрсету	Ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу, дөңгелек үстелдер, ББМ ақпараттық стендтерінде және сайтында жариялау	үнемі	басшы
3.	Даму бағдарламасын іске асыруға ата-аналар жұртшылығын тарту және білім беру процесін қамтамасыз етудің маңызды мәселелерін шешу кезінде ата-аналардың рөлін күшейту	Топтықата-аналаркомитеттері	үнемі	басшы
4.	МДҰ-ның тұсаукесерлік имиджін құру (жарнамалық қызмет)	1.МДҰ қызметі туралы ата-аналарды	үнемі	басшы

		ақпараттандыру бойынша стендтерді жаңарту. 2. Ашық есік күндері (балабақша бойынша экскурсия; ашық сабақтарды сабақтан тыс уақытта қарау). 3. Отбасы тәрбиесінің оң тәжірибесі туралы мақалаларды балабақша сайтына орналастыру		
5.	Ерекше білім берілуі қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету	Арнайы түзету оқу қызметі шағын топпен, балалармен және ата-аналармен арнайы топтар мен инклюзивті оқытатын топтарда жеке және консультативтік жұмыс арқылы іске асыру	2022ж.	басшы
6.	Тәрбие процесіне ата-аналардың жоғары деңгейде ат салысуын арттыру	«Үлгілі отбасы», «Әжелер», «Сүйкімді бүлдіршін» байқауларын өткізу	2022 ж.	басшы
7.	Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыруды жалғастыру	Материалды техникалық базаны нығайту, мәдени – көпшілік іс-	2022ж.	басшы

		шараларды, «Қайырымдылық» акциясын ұйымдастыру		
8.	Жас ата-анаға балалар тәрбиесі туралы жиі кеңес беру	«Жас ата-ана» сайтын ашу	2022ж.	басшы
9.	Ата-аналар жиналысын жаңаша түрде өткізу арқылы мекеме жұмысына көз-қарастарын өзгерту	Экран арқылы «Баланың балабақшадағы бір күні» және т.б. тақырыптарда бейне роликтер, фотослайдтар көрсету, баланы ата – анасымен қатыстыра отырып, сахналық қойылымдар ұйымдастыру	үнемі	басшы
10.	Ата – ана мен балабақша ұжымының қарым-қатынасын нығайту	Тәрбиешілердің балалар үйіне баруы, ата-аналармен бас қосуын жиі ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру	үнемі	әдіскер

Күтілетін нәтиже:

- МДҰ-ның тәрбие –білім беру процесіне ата-аналарды белсенді түрде қосу;
- Балабақшамен ынтымақтастыққа қызығушылықтың қалыптасуы;
- Балаларды тәрбиелеу мәселелерінде психологиялық-педагогикалық мәдениетті арттыру;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен отбасының бала тәрбиесіне қойылатын бірыңғай педагогикалық ұстанымдары мен талаптарын белгілеу;
- Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылды ұйымдастыруда педагогтердің құзыреттілігін арттыру.

"Қолжетімді білім" блогы

Мақсаты: Әр баланың сапалы және қолжетімді білім алу құқығын іске асыру.

Міндеттері:

- Халықтың сұранысына сәйкес мектепке дейінгі білім берудің жаңа нысандарын дамыту.
- Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету.
- Отбасында балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға көмек көрсету.

№	Жұмысбағыттары	Іс-шараларжүйесі	Уақыты	Жауаптылар
1.	Білім берудің вариативті түрлері арқылы білім беру қызметін жетілдіру	1.Жұмыс тәжірибесіне мектепке дейінгі білім берудің жаңа нысандарын енгізу (қысқа мерзімді болу топтары). 2. Ата-аналарды ресми сайт арқылы ақпараттандыру	2022 ж.	басшы
2.	«Балақайлар мектебі» курсы ашу арқылы тұлғаның білімдері мен дағдыларын дамыту	Қолөнер, дойбы, шахмат, актерлік шеберлік және т.б. үйірмелер ашу	2022-2025 ж.ж.	басшы
3.	Тәрбиеленушілерді командада жұмыс істей білу дағдыларына үйрету	Эксперимент және ойын орталықтарын ашу (компьютерлік ойын аппараттары)	2024ж.	басшы

Күтілетін нәтиже:

- Мектепке дейінгі білім беру сапсын арттыру
- Балалардың командамен жұмыс жасай білуі

Қолданылған құжаттар:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың *2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»* Қазақстан халқына жолдауы.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
3. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
4. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда №29031».
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы» (ҚР ОАМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша. ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1 қосымша).
6. ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың 2019 жылы 2 қыркүйек айындағы «Сындарлы қоғамдық диалог–Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына жолдауы.